ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 8 тамыз №4360-23-00-2/1436 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Сансызбаеваның,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Базарбаев» атынан әрекет етуші Бегали Базарбаевич Умурзаков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор А.Темір
Талап қоюшының өкілі А.Байшоханова
Жауапкер Б.Б.Умурзаков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 30 наурызда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №80 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармағына және қосымшаға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 5 639 998 теңгеге 196 дана «спорттық татами» тауарын мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт күшіне енген күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде, яғни 30 мамырға дейін жеткізуге міндеттенген.

Жауапкер тауарды мерзімінен кешіктіріп жеткізген және жеткізілген тауар конкурстық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігіне сәйкес келмеуіне байланысты 2023 жылғы 7 маусымда акт жасалған.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 10.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Сансызбаева А. М., 14.09.2023

Атап айтқанда: дзюдо жарыс татамиі тығыздығы 240 кг / м3 PVV толтырғыштан (көбік резеңке) жасалған, оны текстуралы «сабан» өрнегі бар матамен сапасыз жабыстырылған, халықаралық дзюдо федерациясының IJF стандарттарына сәйкес келетіндігі туралы сертификат ұсынылмаған, татамидің төменгі бөлігінің желімі сапасыз жабыстырылған, парақтардың үстіңгі беті: JUDO-мата арнайы күріш-сабан өрнегі болмаған өлшемдері сәйкес келмейді, қалыңдығы 5 см болу қажет, жеткізілген тауардың қалыңдығы 4 см, ПВХ матасы толтырғышқа жабыстырылмаған, сондай - ақ тығыздығы, салмағы және түсі де сәйкес келмеген.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және 90240 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа ұсынған қарсы пікірінде, талап қоюмен келіспейтінін, тауардың бірнеше данасының зауыттан ақаулықпен келгенін, ол тауарларды ауыстыруға ұсыныс бергенде, тапсырыс берушілердің бас тартқандарын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюын қуаттап, нақтылап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қою толық қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 5.3-тармағына сәйкес, жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 10.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Сансызбаева А. М., 14.09.2023
4360-23-3-1/1548

Сот жауапкердің уәжін негізсіз деп санайды, себебі жеткізілген тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келмегені жоққа шығарылмады. Қарсы пікірін негіздейтін дәлелдеме құжаттар (маман қорытындысы, т.б.) ұсынылмады. Жауапкермен тауарды қабылдауды міндеттеу туралы қарсы талап қою берілмеді.

Талап қоюшының уәжін жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсынбаған, жауапкер даулы тауарды осы уақытқа дейін талап қоюшыға ауыстырмай және веб-портал арқылы тауарды қабылдап алу-беру актісін жолдамай, шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 16 маусымда жүгінген.

Осыған орай, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады деп сот есептейді.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

АК-нің 297-бабына сәйкес егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы жауапкерден 2023 жылғы 31 мамыр мен 15 маусым аралығы, яғни 16 күнге 90240 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, іс құжаттарын зерттеп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын, жауапкердің тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту туралы өтінішін негізге ала отырып, тұрақсыздық айыбы мөлшерін 10 пайызға, яғни жалпы 9024 теңгеге дейін азайтылғаны дұрыс деген қорытындыға келіп, талап қою ішінара қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 10.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Сансызбаева А. М., 14.09.2023
4360-23-3-1/1548

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1996 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Базарбаев» атынан әрекет етуші Бегали Базарбаевич Умурзаковты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Базарбаев» атынан әрекет етуші Бегали Базарбаевич Умурзаков мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Базарбаев» атынан әрекет етуші Бегали Базарбаевич Умурзаковтан мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 9 024 (тоғыз мың жиырма төрт) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 996 (бір мың тоғыз жүз тоқсан алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.М.Сансызбаева**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Сансызбаева А. М., 14.09.2023